

Желілік қызметтер

Жоспар

- * World Wide Web қызметі.
- * URL-адрес. HTTP хаттамасы.
- * FTP хаттамасы арқылы файлдарды жіберу
- * Электронды пошта
- * Бұлттық есептеулер

World Wide Web қызметі

WWW –интернет желісінің әртүрлі веб-серверлерінде орналасқан, бір-бірімен байланысқан электрондық құжаттарға қолжетімділік ұсынады. Жеке электронды құжаттары **веб-беттер** деп аталады. Бір веб-серверде сақталатын, бір-бірімен сілтеме арқылы байланысқан веб-беттер **веб-сайт (веб-түйін)** деп аталады.

WWW веб-қызметі клиент-сервер принципі бойыша жұмыс істейді.


Веб-сервер – бұл веб-беттер мен олармен байланысқан объекттерді компьютерде сақтайтын бағдарлама және ол объекттерге қол жеткізу URL-адрес арқылы іске асады.

Веб-клиент (браузер)–қолданушының компьютеріне қойылған және веб-беттерді жүктеу мен қарауға арналған қосымша.

URL-адрес. HTTP хаттамасы.

Веб-клиент және веб-сервер бір-бірімен **HTTP** (Hypertext Transfer Protocol – гипертекст жіберу хаттамасы) хаттамасы арқылы өзара әрекет етеді. Хаттамаға сәйкес хабарламалар алмасу **«сұраныс-жауап»** сызбасы түрінде болады. Яғни сервер клиенттен сұраныс түссе, ол клиенттен объект атауы мен оның жолын алып, қажетті файлды тауып, оны клиентке жібереді. Веб-браузер серверден объектіні алып, оны экранға шығарады. HTTP хаттамасымен берілетін мәліметтерді қорғау үшін шифрлеуді қолдайтын HTTPS (Hypertext Transfer Protocol Secure) хаттама кеңейтілімі қолданылады.

HTTP хаттамасының жұмысы



FTP хаттамасы арқылы файлдарды жіберу

- * FTP (File Transfer Protocol) хаттамасы қашықтықтағы компьютер ден локальды компьютерге (немесе керісінше) файлдарды жіберуді қамтамасыз етеді. Ең ескі қолданбалы хаттамалардың бірі. 1971 жылы шыққан.
- * Хаттама клиент-сервер принципі бойынша құрылған. Оның FTP-сервер және FTP-клиент бағдарламалық модульдері әрбір операциялық жүйелерде бар. Сонымен бірге FTP-клиенттер веб-браузерге кіріктірілген. Ол арқылы FTP-серверде орналасқан файлдарды ала аламыз.

Электронды пошта

Әр пайдаланушының пошталық серверде орналасқан пошталық жәшігі бар. Оның адресі пайдаланушы аты мен «@» символымен бөлінген сервердің домендік атауымен беріледі.

Мысалы:

`maniza@mail.ru`



Бұлттық есептеулер

- * Бұлттық технологиялар (немесе бұлттық есептеулер, cloud computing) деп компьютерлік ресурс пен оның қуатын пайдаланушыға интернет-қызмет ретінде ұсынуды түсінеміз.